

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
2010 ж. «10» 09 замды

тұлға мемлекеттік тіркеуден кітап еткізділік  
№ 35005-1910-АВ149 күөлік

Алғашқы тіркелген күн: 2009. «31» 08  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА № 35005-1910-АД149  
свидетельство № 35005-1910-АД149  
Дата первичной регистрации «31» 08 2000г.  
БСН/БИН 000840002490

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
БОСТАНДЫҚ АУДАМНЫҢ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
КҮРШТАЙ КУЖАТТАРЫНА ЕЗГЕРТЕЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚ ТІРКЕЛПЕМІЗГЕН

2016 № 3894 бейрығы  
ж. «09» 11

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА  
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В  
УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ

. 09. ПРИКАЗ № 3894 2016 г.

«СК Лизинг» АҚ-ның  
Жалғыз акционерінін шеідімімен  
«БЕКІТІЛГЕН»  
«БТА банк» АҚ Директорлар Кенесінің  
отырысының  
«26» қазанда 2016 жылғы № 71 хаттамасы



### «СК Лизинг» акционерлік қоғамының

### ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ., 2016 жыл

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. «СК Лизинг» акционерлік қоғамының осы Жарғысы ұйымның атауын, орналасқан жерін, мақсаты мен қызметін, оның органдарының құзыретін, қайта құрылу және қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының Заңнамасына (бұдан әрі - заңнама) қайшы келмейтін өзге жағдайларды анықтайды.

1.2. Қоғамның атауы:

толькі атауы:

мемлекеттік тілде: «СК Лизинг» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: акционерное общество «СК Лизинг»;

ағылшын тілінде: «SK Leasing» Joint Stock Company.

қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «СК Лизинг» АҚ;

орыс тілінде: АО «СК Лизинг»;

ағылшын тілінде: «SK Leasing» JSC.

1.3. Қоғамның атқарушы органдарының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., № 5 үй, № 15А тұрғын емес орынжай.

1.4. Қоғам қызметінің мерзімі—шектелмеген.

## **2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАНДЫ МƏРТЕБЕСІ**

2.1. «СК Лизинг» акционерлік қоғамы (бұдан әрі—Қоғам) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады.

2.2. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, осы Жарғыны, сондай-ақ ислами қаржыландыру қағидаттарын, құрылтай құжаттарын, ішкі құжаттарды және акционерлердің арасындағы кез-келген келісімдерді басшылыққа алады. Заңнама бойынша рұқсат құжатын алу қажет болатын бөлек қызмет түрлері бойынша жұмыс осындай рұқсат құжатын алғаннан соң басталады.

2.3. Қоғамның жеке теңгерімі, банк шоттары және мөрі бар. Қоғам мөрінде сондай-ақ Қоғамның ағылшын тіліндегі тіркелген атауы, тауар белгісі, символы, логотипі немесе Қоғамға не оның акционеріне тиесілі өзге айрықша белгісі (соңғысы келісім берсе) болуы мүмкін.

2.4. Өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғамның мынадай құқықтары бар: мәмілелер жасасу, мүлікті меншікке алу, міндеттемелерді орындау, сотта талапкер және жауапкер болу және заңнамаға сәйкес өзге құқықтарды жүзеге асыру.

2.5. Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктер ашуға және заңнама мен құрылтай құжаттарына сәйкес олардың қызметін ұйымдастыруға құқылы. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері осындай филиалдар мен өкілдіктер туралы Директорлар кеңесі бекіткен ережелерге сәйкес әрекет етеді.

2.6. Қоғам заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес басқа занды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы.

2.7. Қоғам заңнамаға және ислами қаржыландыру қағидаттарына сәйкес құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

2.8. Қоғам бухгалтерлік және қаржы құжаттамасы мен есептілігін Халықаралық қаржы есептілік стандарттарына сәйкес жүргізуі тиіс.

## **3. ҚОҒАМ МЕН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

3.1. Қоғам өз мүлкінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікті тартады.

3.2. Қоғам акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті тартпайды, акционерлер де Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты емес және Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайлардан басқа, Қоғамның қызметімен байланысты шығын тәуекелін оларға тиесілі акциялардың құнының шегіндеғана көтереді.

3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты емес.

#### **4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.4. Акционердің құқықтары:

- 1) осы Жарғыға және заңнамаға сәйкес Қоғам қызметін басқаруға қатысу;
- 2) заңнамаға, осы Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес дивидендер алу;
- 3) осы Жарғыда анықталған тәртіппен Қоғам қызметі жайлыш ақпаратқа, оның бухгалтерлік және өзге құжаттарына кез-келген жолмен (аудит, жазбаша немесе ауызша сұрау салу) қол жеткізе алу;
- 4) Қоғам тіркеушісінен немесе тиісті акциялардың атаулы ұстаушысынан акцияларға қатысты меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алу;
- 5) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді ұсыну;
- 6) Қоғамның басқару органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібінде келіспеу;
- 7) Қоғамға оның қызметі жайлыш жазбаша сұрау салу және Қоғамға сұрау салынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде дәлелді жауаптар алу;
- 8) Қоғам таратылған жағдайда, Қоғам мүлкінің бір бөлігіне ие болу;
- 9) заңнамаға сәйкес Қоғамның акцияларын немесе акцияға айырбасталатын басқа құнды қағаздарын басым құқықпен сатып алу;
- 10) заңнамада және құрылтай құжаттарында қарастырылған кез-келген басқа құқықтарды алу және жузеге асыру.

4.5. Атальп өткенге қосымша, ірі акционердің келесідей құқықтары бар:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру жайында сотқа талап-арыз беру;
- 2) Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелердің қосылуын ұсыну;

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету.

4.6. Акционерлердің заңнамада, құрылтай құжаттарында және акционерлердің арасындағы келісімдерде қарастырылған басқа да құқықтары бар.

4.7. Акционерлердің міндеттері:

- 1) Қоғам акцияларын заңнамада қарастырылған тәртіpte төлеу;
- 2) 10 (он) күннің ішінде акционерлер тізілімін жүргізу үшін қажет мәліметтердің өзгеруі жайлыш Қоғам тіркеушісін немесе акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысын хабардар ету;
- 3) Қоғам және оның қызметі жайлыш коммерциялық немесе заңмен қоргалатын құпия болып табылатын ақпаратты жарияламау;
- 4) құрылтай құжаттарында және заңнамада анықталған басқа міндеттерді қабылдау және орындау.

#### **5. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТИ**

5.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты заңнамаға, ислами қаржыландыру қағидаттарына және осы Жарғыға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қаржы-

шаруашылық қызмет жүргізуден пайда табу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін Қоғам заңдамада тыйым салынбаған қызметті жүзеге асыру арқылы мынадай негізгі міндеттерді (оларды қоса, бірақ олармен шектелмей) атқарады:

- 1) қаржы лизингі қызметтері;
  - 2) инвестициялық қызмет;
  - 3) қаржыландыруды тарту, соның ішінде ислами құнды қағаздарды шығару арқылы;
  - 4) құнды қағаздар нарығындағы ислами қаржыландыру талаптарына сәйкес келетін кәсіби қызмет, сондай-ақ қаржы нарығындағы заңнамамен және ислами қаржыландыру қағидаттарымен рұқсат етілген өзге қызмет;
  - 5) консультациялық, ақпараттық және талдама қызметтерді көрсету;
  - 6) ислами қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін деңгейде халықаралық қаржы нарықтарындағы қызмет;
  - 7) заңнамаға сәйкес, кез-келген банкте теңгемен және өзге валюталармен шоттарды ашу, жүргізу және жабу;
  - 8) Қоғамның корпоративтік мақсатына қол жеткізу үшін қажет көлемде ғана импорттық және экспорттық операцияларды жүзеге асыру;
  - 9) Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде мұлікті, соның ішінде жылжымайтын мұлікті жалдау, сату, сатып алу немесе өзге жолмен сатып алу және мұндай мұлікті Қоғамның мақсаттары үшін немесе оны басқа тұлғаларға қосалқы жалгерлікке беру үшін пайдалану;
  - 10) Қоғамның қызметін іске асыру үшін қажет жабдықты, материалдар мен қызметтерді сатып алу, және Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде жеткізушилерді тәуелсіз ірікten алу;
  - 11) Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде кездесулерге, семинарларға, көрмелерге және жәрмеңкелерге қатысу;
  - 12) Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде қызметкерлерді жалдау және Қоғамның шетел қызметкерлерінің Қазақстан Республикасына заңды келуін және одан заңды кетуін үйімдастыру;
  - 13) одактарға, қауымдастықтарға және кез-келген басқа бірлестіктерге қатысу;
  - 14) Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде рұқсат етілген инвестициялардың барлық түрлерін жүзеге асыру
  - 15) сыртқы экономикалық қызмет;
  - 16) Заңнамаға сәйкес құрылған заңды тұлғалар үшін тыйым салынбаған, Қоғамның мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет өзге қызметті жүзеге асыру.
- 5.2. Қоғам құрылтай құжаттарын, ислами қаржыландыру қағидаттарын, ішкі құжаттарын, заңнаманы және акционерлердің арасындағы кез-келген келісімдерді басшылықта алады және оларға сәйкес қызметтің жүзеге асырады.
- 5.3. Қандай да қызмет түрін, соның ішінде аталып өткен қызмет түрін жүзеге асыру үшін уәкілетті органның арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) немесе халықаралық органдарда тіркелу және немесе рұқсат алу қажет болған жағдайда, Қоғам заңнамамен белгіленген тәртіпте тиісті рұқсаттарды (лицензияны, сертификатты) алғаннан соң және соған сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асырады.
- 5.4. Қоғам қызметті тиісінше жүзеге асыру қағидаттарына сәйкес және акционерлер орынды түрде жорамалдайтын пайданы алу мақсатымен қызметті өзінің атынан және акционерлерінің мұдделеріне сәйкес жүзеге асырады және онымен байланысты тәуекелдер мен жауапкершілікті көтереді. Дивидендер құрылтай құжаттарында анықталған тәртіпте және Акционерлердің жалпы жиналысы шығарған шешімнің негізінде бөлінеді.

## **6. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

6.6. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган—Акционерлердің жалпы жиналышы;
- 2) басқару органы—Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган—Басқарма;
- 4) ислами қаржыландауды қағидаттарының талаптарын орындауды қадағалау бойынша тәуелсіз орган—Саралтамалық кеңес;
- 5) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметтің бақылайтын орган—Ішкі аудит қызметі;
- 6) заннамага сәйкес өзге органдары бар.

## **7. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

7.7. Акционерлердің бірінші жалпы жиналышы Қоғамның жарияланған акцияларының бірінші шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған және тіркеуші жүргізетін құнды қағаздардар ұстаушыларының жүйесін құрған құннен бастап 2 (екі) айдың ішінде шақырылым өткізуі тиіс.

7.8. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышын Директорлар кеңесі шақырады және жылына кемінде 1 (бір) рет қаржы жылы аяқталғаннан соң 5 (бес) айдың ішінде Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде өткізеді.

7.9. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы:

- 1) Директорлар кеңесінін;
- 2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

7.10. Қоғам тарату рәсімінен өтіп жатса, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы тарату комиссиясының (таратушы басшының) бастамасымен де шақырылуы мүмкін.

7.11. Заннамада қарастырылған жағдайлардан басқа, Басқарма Төрағасы және Қоғамның басқа да лауазымдық тұлғалары Акционерлердің жалпы жиналышына акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқылы емес.

7.12. Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру туралы хабарлама Қоғамның әр акционеріне жазбаша түрде жіберілуі тиіс. Мұндай хабарлама арнаулы хатпен жеткізіліп, қолхат алынса және акционердің басқарушысына немесе оның орынбасарына жеткізіліп расталса, жеткізілді деп саналады. Мұндай хабарлама Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу күніне дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей әр акционерге жіберілуі тиіс. Сырттай немесе аралас дауыс берілген жағдайда, мұндай хабарлама әр акционерге Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу күніне дейінгі 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс. Хабарламада Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу уақыты және орны, күн тәртібі және заннамада талап етілетін басқа акпарат көрсетілуі тиіс.

7.13. Алдағы Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін Директорлар кеңесі әзірлейді. Ірі акционер немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін басқа мәселелермен толықтыруға құқылы. Алайда акционерлер мұндай толықтырулар жайында Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу күніне дейін кемінде 15 (он бес) күн бұрын хабардар болуы шарт.

7.14. Қоғамның дауыс беруші акциялары бір акционерге тиесілі болса, Акционерлердің жалпы жиналыштары өткізілмейді. Заннамада және осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналышының құзыреттіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді акционер жекедара қабылдайды және мұндай шешімдер басымдықты

акциялармен күэландырылған құқықтарға шек қойылмаған жағдайда, жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

7.15. Акционелердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін жиналысты өткізу күніне дейін кемінде 10 (он) күн бұрын дайын болуы тиіс.

7.16. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу ережелері заңнамаға, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа ережелер мен құжаттарға, акционерлердің арасындағы келісімдерге сәйкес немесе Акционерлердің жалпы жиналысы тарапынан анықталады.

7.17. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін акционерлер немесе олардың өкілдері тіркеу рәсімінен өтеді. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілдігін растайтын құжаттарды (мысалы, сенімхатты) көрсетуі тиіс. Тіркеу рәсімінен өтпеген акционер (немесе оның өкілі) кворумды анықтаған кезде ескерілмейді және дауыс беруе қатысуға құқылы емес.

7.18. Акционерлердің жалпы жиналысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Акционерлердің жалпы жиналысын шақырған акционерлердің бірі ашады.

7.19. Таratу комиссиясы (таратушы басшы) шақырған Акционерлердің жалпы жиналысын тарату комиссиясының төрағасы (таратушы басшы) немесе оны алмастыруышы тұлға ашады.

7.20. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана шешімдер қабылдауға құқылы.

7.21. Заңнамада қарастырылған жағдайларда Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

7.22. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде бірыңғай нышанды дауыс беру бюллетеньдері хаттармен, фактармен, электрондық хабарламалармен немесе барлық акционерлерге қолжетімді және жіберілген хабарламалардың анықтығын қамтамасыз ететін басқа да байланыс құралдарымен тарапады. Дауыс беру бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейінгі 45 (қырық бес) күннен кеш емес мерзімде акционерлерге жіберілуі тиіс. Сырттай дауыс беру бюллетені заңнамада белгіленген минималдық талаптарға сәйкес келуі тиіс.

7.23. Акционердің сырттай дауыс беру бюллетеніне акционердің басқарушысы, немесе акционердің құрылтай құжаттарында қарастырылған тәртіpte басқа тұлға қол қойып, акционердің мөрі соғылуы тиіс. Акционердің басқарушысының қолы және акционердің мөрі қойылмаған бюллетені жарамсыз болып саналады.

7.24. Дауыстарды санаған кезде акционер тарапынан бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс беру нұсқаларының бір ғана нұсқасы белгіленген мәселелер бойынша дауыстар саналады. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер қойылса, сырттай дауыс беру бюллетенінде бөлек үміткерлер үшін берілген дауыстардың санын көрсетуге ариалған ұяшықтар болуы тиіс.

7.25. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту жайлы шешім қабылдау;
- 4) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, мүшелерін таңдау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, мүшелерін таңдау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ

Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшерін және оны төлеу шарттарын анықтау;

- 6) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
  - 7) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
  - 8) есепті жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендерді төлеу жайлыш шешім қабылдау және жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
  - 9) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 22-бабының 5-тармағында қарастырылған жағдайлар орын алғанда, Қоғамның жай және басымдықты акциялары бойынша дивидендерді төлемеу жайлыш шешім қабылдау;
  - 10) Қоғамның ірі және мұдделілігі бар мәмелелерді жасасуы жайлыш шешімдерді бекіту;
  - 11) Меншікті капиталының 25 (жиырма бес) және одан аса пайызын құрайтын сомаға Қоғамның міндеттемелерін арттыру жайлыш шешім қабылдау;
  - 12) Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру жайлыш Қоғам тарапынан акционерлерді хабарландыру үлгісін анықтау және мұндай ақпаратты баспа басылымында жариялау туралы шешім қабылдау;
  - 13) Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес Қоғам акцияларды өтеуін төлеп алған кездегі акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
  - 14) Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;
  - 15) Қоғам Жарғысында акционерлерге Қоғамның қызметі жайлыш ақпаратты беру тәртібі анықталмаса, мұндай тәртіпті анықтау;
  - 16) Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.
- 7.26. Акционерлердің жалпы жиналышының қалған мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады.
- 7.27. Көзбе-көз тәртіpte еткізілетін Акционерлердің жалпы жиналышында Қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылауға Қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатысып, сөз алуы мүмкін. Аталмыш тұлғалар Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге қатысуға құқылы емес.
- 7.28. Заңнамада Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру және өткізу тәртібі, соның ішінде мыналар анықталады:
- 1) акционерлердің жылдық, кезектен тыс және қайталама жиналыштарын шақыру тәртібі;
  - 2) Акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға құқылы тұлғалар тізімін жасау тәртібі;
  - 3) Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу жайлыш акционерлерді хабардар ету тәртібі;
  - 4) Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін әзірлеу және оған кіретін мәселелер бойынша материалдарды дайындау тәртібі;
  - 5) Акционерлердің жалпы жиналышының кворумын анықтау тәртібі;
  - 6) есеп комиссиясын құру тәртібі және оның қызметі;
  - 7) Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу тәртібі;
  - 8) Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдерді қабылдау тәртібі;
  - 9) Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру тәртібі;
  - 10) Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасын құру тәртібі;

7.29. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша даудыс беру нәтижелері қаржы есептілігі депозитарийінің ресми веб-сайтында, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, «Казахстанская правда» немесе «Зан газеті» газеттерінде жарияланады.

## 8. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

8.1. Директорлар кеңесі заңнамада және осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, Қоғамның қызметіне жалпы жетекшілік етеді.

8.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау және Қоғамның даму стратегиясын бекіту;
- 2) Акционерлердің жылдық кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру жайлышешім қабылдау;
- 3) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде жарияланған акциялардың санының шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды өтеуін төлеп алуды және оларды өтеуін төлеп алуды бағасы жайлышешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекіту;
- 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның басқарушысы мен мүшелерін таңдау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) атқарушы органның басқарушысы мен мүшелерінің лауазымдық қызметақыларының мөлшерін, еңбақы және сыйакы төлеу шарттарын анықтау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның басқарушысы мен мүшелерін таңдау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне енбекақы және сыйакы төлеу шарттарын анықтау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақы мөлшерін және оған сыйакы төлеу шарттарын анықтау;
- 11) қаржы есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметінің, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеу үшін берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының төлемақы мөлшерін анықтау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (атқарушы орган Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттардан басқа), соның ішінде Қоғамның құнды қағаздарының аукциондары мен жазылымдарын өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу жайлышешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан аса пайызын сатып алуды туралы шешім қабылдау;
- 15) Акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан аса пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның, Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері жайлышешім қабылдау;

16) Қоғам мен оның қызметі жайлыштың қызметтік, коммерциялық немесе заңмен корғалатын өзге құпия болып табылатын ақпаратты анықтау;

17) ірі мәмілелерді және Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу жайлыштың қабылдау;

18) осы Қоғам Жарғысында қарастырылған, Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылмаган өзге мәселелер.

### 8.3. Директорлар кеңесі:

1) лауазымдық тұлғалар мен акционер деңгейіндегі мүдделер шиеленісін, соның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалану және Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасуды теріс пайдалану жағдайларын қадағалау және мүмкіндігінше жоққа шығаруы;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауы тиіс.

8.4. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның атқарушы органдына шешілуге жіберіле алмайды.

8.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналышы осы Жарғыда қарастырылған тәртіpte сайлайды және Қоғамның Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналышы қайта сайлайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің бір орнына бір үміткер сайлауға түсетін жағдайлардан басқа, Директорлар кеңесінің мүшелерін акционерлердің жиынтықты дауыс беруі арқылы сайлайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін келесі тұлғалардың арасынан сайлайды:

1) акционерлер-жеке тұлғалар;

2) Акционерлердің мүдделеріне өкілдік етушілер ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (кеңес етілген) тұлғалар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің мүдделеріне өкілдік етуші ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (кеңес етілмеген) жеке тұлғалар. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі заңды тұлға қатарынан болуы мүмкін емес.

8.6. Атқарушы органдың мүшелері, басқарушысынан басқа, Директорлар кеңесіне сайланғанда алмайды. Атқарушы органдың басқарушысы Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайланғанда алмайды.

8.7. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің отырысында оның мүшелері арасынан дауыс беру арқылы Директолар кеңесі мүшелерінің жалпы санының дауыстарының көпшілігімен сайланады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

8.8. Директорлар кеңесінің отырысы Төрағаның немесе атқарушы органдың бастамасымен немесе келесілердің талабымен шақырылуы мүмкін:

1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;

2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

3) ірі акционердің;

4) Ішкі аудит қызметінің талабымен шақырылуы мүмкін.

8.9. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру талабы Директорлар кеңесінің Төрағасына тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы қойылады. Хабарламада Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі көрсетілуі тиіс. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталмыш талабымен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғамның атқарушы органды жүргінуге құқылы. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе атқарушы орган отырысты шақыру талабы келіп түскен күннен 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын оны шақыруды талап еткен тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

8.10. Директорлар кеңесінің Тәрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда анықталған өзге қызметтерді жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің Тәрағасы болмаған жағдайда, оның қызметтерін Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тен болып шыққан жағдайда, Директорлар кеңесінің Тәрағасы немесе Директорлар кеңесінің отырысына тәрагалық етуші тұлға шешуші дауыска ие.

8.11. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін қажет кворум Директорлар кеңесінің таңдалған мүшелерінің жартысынан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда қарастырылған кворум үшін жеткілікті болмаған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндettі. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Қоғамның мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

8.12. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауыска ие. Заңнамада өзгесі қарастырылмаса, Директолар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының жай көшілігімен қабылданады.

8.13. Директолар кеңесі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы және мұндай шешімдерді қабылдау тәртібін белгілеуі мүмкін. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, корпоративтік хатшының және Директорлар кеңесі Тәрағасының қолы қойылуы тиіс.

8.14. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар өзірлеу үшін Қоғамда келесі мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақы беру;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған өзге мәселелер.

8.15. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажет кәсіби білімі бар сарапшылардан құралады. Директорлар кеңесінің комитеттерінің тәрагалары тәуелсіз директорлар болып табылады.

8.16. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың жұмысының тәртібі, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.

## 9. Сараптамалық кеңес

9.1. Сараптамалық кеңестің мақсаты Қоғамның қызметін, операцияларын және мәмілелерін ислами қаржыландыру қағидаттарына сәйкестігі бойынша тексеру болып табылады.

9.2. Сараптамалық кеңес мақұлдамаған қызмет есебі Сараптамалық кеңес мақұлдаған қызметтен бөлек жүргізіледі.

9.3. Сараптамалық кеңестің қызметі Қоғамның ішкі құжатымен регламенттеледі.

9.4. Қоғамның ислами қаржыландыру қағидаттарын сақтауына қатысты қандай да даулар туындаған жағдайда, Қоғам бұл мәселені Акционерлердің жалпы жиналысына шешім қабылдау үшін жібереді. Акционерлердің жалпы жиналысы Сараптамалық

кенестің нұсқауларын қолдамаса, бұл мәселе Дубай қаласында (Біріккен Араб Әмірліктері) орналасқан Реттеу және Арбитраж бойынша Халықаралық Ислам Орталығына жіберіліп, ол қабылдаған шешім барлық тараптар үшін ақырғы және міндettі болуы тиіс. Атаптың Орталық қандай да себеппен қызмет көрсетпесе, Қоғам Сараптамалық кенестің шешімін орындауға міндettі.

## 10. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

10.1. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды алқалы атқарушы орган—  
Басқарма жүзеге асырады.

10.2. Басқарма заңнамада және Қоғам Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен  
лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаган кез-келген қызмет мәселелері  
бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.3. Басқарма Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналышы мен Директорлар  
кенесінің шешімдерін орындауға міндettі.

10.4. Басқарма мүшелерінің сандық құрамы мен өкілдіктерінің мерзімін  
Директорлар кенесінің шешімімен анықтайды.

10.5. Басқарма мүшесінің қызметтері, құқықтары мен міндettтері заңнамада, осы  
Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында анықталады.

10.6. Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кенесінің  
Төрағасы немесе бұған Акционерлердің жалпы жиналышымен не Директорлар кенесімен  
үәкілетті етілген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шарттарына  
Қоғамның Басқарма Төрағасы қол қояды.

10.7. Басқарма отырысы Төрағасының бастамасымен немесе келесі тұлғалардың  
талабымен шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кенесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) кез-келген Басқарма мүшесінің талабымен шақырылуы мүмкін.

10.8. Басқарма отырысын шақыру туралы талап Басқарма Төрағасына Басқарма  
ottyрысының ұсынбалы күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарламаны жолдау  
арқылы қойылады. Басқарма отырысын Басқарма Төрағасы отырысты шақыру талабы  
қойылған күннен бастап 10 күннен кеш емес мерзімде шақыруға тиіс. Басқарма отырысын  
аталмыш талапты қойған тұлғаны міндettі түрде шақыра отырып өткізеді.

10.9. Басқарма отырысы қажеттілікке қарай немесе осы Жарғының 10.7-  
тармағында көрсетілген тұлғалардың бірінің талабымен өткізіледі. Отырысқа Басқарма  
Төрағасы, ал ол болмағанда—Басқарма Төрағасының бүйрігінда Басқарма Төрағасының  
міндettтерін орындаушы ретінде анықталған Басқарма мүшесі төрағалық етеді.

38. Басқарма отырысына оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, Басқарма  
шешім қабылдауға құқылы. Әр Басқарма мүшесінің бір дауысы бар. Басқарма отырысына  
шығарылған мәселелер бойынша шешімдерді ашық дауыс беру арқылы бірауыздан  
қабылдайды. Басқарма мүшелерінің жеке мүдделілігі бар мәселелер бойынша шешімдерді  
Басқарма мүшелерінің дауыстарының жай көпшілігімен қабылдайды. Дауыстар тен болып  
шықкан жағдайда, Басқарма Төрағасы немесе оны алмастыратын тұлғаның дауысы  
шешуші болып табылады.

## 11. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

11.3. Басқарма Төрағасы Жарғының, Акционерлердің жалпы жиналышының,  
Директорлар кенесінің және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес ағымдағы қызметті  
басқару және жүзеге асыру үшін жауапты. Басқарма Төрағасын заңнама, Жарғы  
ережелеріне сәйкес, Директорлар кенесі тағайындауды және лауазымынан босатады.

11.4. Басқарма Төрағасы заңнамаға сәйкес сенімхат ресімдеу арқылы өз өкілеттіктерін басқаға табыстауға құқылы. Қажеттілік туган жағдайда Басқарма Төрағасы бұйрық пен сенімхат арқылы өз өкілдіктерін Басқарма мүшесіне табыстыайды.

11.5. Басқарма Төрағасы 3 (үш) жылдық мерзімге сайланады.

11.6. Басқарма Төрағасы:

1) Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесі шығарған шешімдердің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Қоғамға өкілдік ету құқығы бойынша сенімхаттарды береді;

4) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, тәртіптік жаза қолданады, штаттық кестеге сәйкес лауазымдық қызметақылары мен үстеме төлемдердің мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлеріне төленетін сыйақылардың мөлшерін анықтайды.

5) Директорлар кеңесінің нұсқауымен және олар шығарған шешімдердің негізінде Басқарма мүшелерімен еңбек шарттарына қол қояды;

6) жұмыс орнында болмаған жағдайда, өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) заңнамада және құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіpte Қоғам атынан мәмілелер жасасады;

8) шешімдер (қаулылар) қабылдайды және Қоғамның барлық қызметкерлері үшін міндетті өкімдерді береді;

9) сұрауды алған сәттен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей қызметтерін орындауы үшін Директорлар кеңесінің мүшелері мен Сараптамалық кеңеске Қоғамның қызметіне қатысты ақпараттың, соның ішінде құпия сипаттағы ақпараттың уақытылы берілуін қамтамасыз етеді;

10) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

11) Қоғамның Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік аясын үлестіріп, мұндай бөлуді лауазымдық нұсқаулықтарда көрсетеді;

12) Директорлар кеңесінің алдында Қоғамның бюджетін орындау жайлы тоқсан сайынғы/жарты жылдық/жылдық есепті тапсырады;

13) қаржылық, төлем және Қоғамның басқа да құжаттарында бірінші қол қою құқығына ие;

14) Акционерлердің жалпы жиналышы немесе Директорлар кеңесі оған берген басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11.7. Басқарма Төрағасы міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген Қоғамның лауазымдық тұлғаларының жүріс-тұрыс қағидаттарын сақтайды.

## 12. АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ

12.1. Қоғам өз қызметі жайлы акционерлердің мүдделерін қозғайтын ақпаратты, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, келесі мәліметтерді акционерлерге ашуға міндетті:

1) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторларға хабарлануы тиіс мәселелер тізімі бойынша Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;

2) Қоғамның акцияларды және басқа құнды қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын орналастыру нәтижелері туралы есептерді,

Қоғамның құнды қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын жоюы;

- 3) Қоғамның ірі мәмілені немесе мүдделілігі бар мәмілені жасасуы;
- 4) Қоғам мүлкін Қоғам активтерінің 25 (жиырма бес) және одан аса пайызын құрайтын сомаға кепілге беру (қайта кепілге беру);
- 5) Қоғам активтерінің 25 (жиырма бес) және одан аса пайызын құрайтын көлемде Қоғамның қаржыландыру алуы;
- 6) Қоғамның қандай да қызмет түрін жүзеге асыру үшін лицензияларды алуы, Қоғамның қандай да қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін бұрын алған лицензиялардың уақытша және біржола тоқтауы;
- 7) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
- 8) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;
- 9) теңгерімдік құны Қоғам активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан аса пайызын құраган Қоғам мүлкін жойған төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;
- 10) Қоғам мен оның лауазымдық тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
- 11) корпоративтік дау бойынша сотта істің қозғалуы;
- 12) Қоғамның мәжбүрлі таратылуы жайлы шешім;
- 13) осы Жарғыға, сондай-ақ Қоғамның құнды қағаздарының шығарылым проспектісіне сәйкес, акционерлердің мүдделерін қозғайтын өзге оқигалар.

12.2. Қоғам акционердің жазбаша талабымен 10 (он) күннің ішінде оған 12.1-тармақта көрсетілген құжаттардың баспа көшірмелерін беруге міндетті. Бұл қызметтің ақысы көшірмелердің дайындау құнынан асуы мүмкін емес.

12.3. Заңнамамен талап етілетін жағдайларда, және мұндай талаптардың шегінде Қоғам аталып өткен ақпаратты акционерлер мен инвесторларға оның ашылуы үшін белгіленген мерзімде жариялауга немесе өзге жолмен ашуға міндетті. Қоғам басылым жасау мақсатында қаржы есептілігі депозитарийнің ресми веб-сайтын, және қажет болған жағдайда, «Казахстанская правда» немесе «Заң газеті» газеттерін пайдаланады.

### **13. АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ҚОСЫЛМА ТҰЛҒАЛАРЫ ЖАЙЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ**

13.1. Қоғам заңнама талаптарына сәйкес өзінің қосылма тұлғаларының есебін жүргізуге міндетті. Қоғамның акционерлері мен лауазымдық тұлғалары бұл мақсаттарда қосылмалылық белісі пайда болған күннен бастап 7 (жеті) күннің ішінде қосылма тұлғалары жайлы мәліметтерді Қоғамға жазбаша түрде беруге міндетті.

### **14. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

14.1. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе заңнамада қарастырылған өзге негіздермен қайта құрылуы немесе таралуы мүмкін.

14.2. Қоғамды қайта құру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және өзге нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

### **15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

15.1. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

15.2. Осы Жарғы орыс және мемлекеттік тілдерде жасалған, және екі мәтін бірдей заңды күшке ие; бұл ретте Жарғының екі тілді нұсқаларының мәтіні арасында қарама-

қайшылықтар немесе сәйкессіздіктер табылған жағдайда, орыс тілінде жасалған мәтін басым күшке ие болады, және Акционерлердің жалпы жиналысы сәйкессіздікті жою үшін мемлекеттік тілде жасалған мәтінге өзгертулер енгізуі тиіс.

15.3. Осы Жарғыға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Жарғының қосымшалары түрінде енгізілуі мүмкін, немесе Жарғы жаңа редакцияда баяндалуы мүмкін.

15.4. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдеріне сәйкес мағлұмат енгізілгеннен кейін заңды тұлғаның таратылуы ақталған болып, ал заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған болып есептеледі.

15.5. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап күшіне енеді.

АТАЛЫП ӨТКЕНДІ РАСТАУ ҮШІН "СК Лизинг"АҚ Басқарма Төрағасы Сlamкулов Нуржан Оразқанұлымен осы Жарғының орыс және мемлекеттік тілдерінде жасалған 4 (төрт) данасына Қазақстан Республикасы Алматы қаласында 2016 жылғы «28» қазанда қол қойылды.

СК Лизинг Акционерлік Қоғамның  
Басқарма Төрағасы

 Н.Сlamкулов

*Slamkulov Kurjan Erzhenovich.*

«УТВЕРЖДЕН»  
решением Единственного акционера  
АО «СК Лизинг»  
(протокол заседания Совета директоров  
АО «БТА банк»  
от «26» октября 2016 года № 71)



## У С Т А В

### акционерного общества «СК Лизинг»

г. Алматы, 2016 год

## **1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

1.1. Настоящий Устав акционерного общества «СК Лизинг» определяет его наименование, местонахождение, цель и деятельность, компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие Законодательству Республики Казахстан (далее – законодательство).

1.2. Наименование Общества:

полное наименование:

на государственном языке: «СК Лизинг» акционерлік қоғамы;

на русском языке: акционерное общество «СК Лизинг»;

на английском языке: «SK Leasing» Joint Stock Company.

сокращенное наименование:

на государственном языке: «СК Лизинг» АҚ;

на русском языке: АО «СК Лизинг»;

на английском языке: «SK Leasing» JSC.

1.3. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Аль-Фараби, дом № 5, нежилое помещение № 15А.

1.4. Срок деятельности Общества – не ограничен.

## **2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА**

2.1. Акционерное общество «СК Лизинг» (далее – Общество) является акционерным обществом в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

2.2. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством, настоящим Уставом, а также принципами исламского финансирования, учредительными документами, внутренними документами и любыми соглашениями между акционерами. По отдельным видам деятельности, для которых законодательством требуется получение разрешительного документа, деятельность будет начата только после получения такого разрешительного документа.

2.3. Общество имеет собственный баланс, банковские счета и печать. Печать Общества может также содержать зарегистрированное наименование Общества на английском языке, товарный знак, символ, логотип или другой знак отличия, принадлежащий Обществу или акционеру, при условии согласия последнего.

2.4. Для целей своей деятельности Общество вправе совершать следующее: заключать сделки, приобретать в собственность имущество, нести обязательства, быть истцом и ответчиком в суде и осуществлять другие права в соответствии с законодательством.

